

## **Мақтаарал ауданы бойынша ауданішілік және кентішілік бағыттарда жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы**

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 284 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 6187 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19 бабына және "Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7297 болып тіркелген) сәйкес, Мақтаарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мақтаарал ауданы бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты автомобиль көлігімен тасымалдайтын әлеуметтік мәні бар маршруттарына бір жолаушыға мынадай тарифтер белгіленсін:

1) ауданішілік бағыттарға жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдауға бір шақырымға 6 (алты) теңге.

2) кентішілік бағыттарға жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдауға 50 (елу) теңге.

2. "Мақтаарал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Мақтаарал ауданы әкімдігі интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Туребековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Асанов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Мақтаарал аудандық мәслихатының

хатшысы Қ. Сәрсекбаев

"\_\_" сәуір 2021 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК